

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ



**5–11-СЫНЫПТАРДА «ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ» ОҚУ
ПӘНІН ОҚУДА ЖӘНЕ ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ
ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫМДАР**

Астана, 2025

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды (2025 жылғы 26 желтоқсандағы № 6 хаттама).

5–11-сыныптарда «Дүниежүзі тарихы» оқу пәнін оқуда және оқытуда жасанды интеллектіні қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2025. –32 б.

Әдістемелік ұсынымдарда «Дүниежүзі тарихы» оқу пәні бойынша 5–11-сыныптарға арналған үлгілік оқу бағдарламаларының ерекшеліктерін ескере отырып, жасанды интеллектіні кіріктірудің пәндік-әдістемелік үлгілері, практикалық тапсырмалар және мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсынымдар берілген. Ұсынылған материалдар дүниежүзі тарихын оқытуда заманауи цифрлық технологияларды тиімді пайдалануға, білім алушылардың тарихи ойлауын қалыптастыруға және оқу процесінің сапасын арттыруға бағытталған.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектептердің тарих пәні мұғалімдеріне, әдіскерлерге, білім беру ұйымдарының басшыларына арналған.

© Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025

© НАО им. Ы.Алтынсарина, 2025

КІРІСПЕ

Қазіргі цифрлық қоғам жағдайында оқытуда қолданылатын цифрлық ресурстардың кеңеюі оқу процесінде педагогикалық тәсілдерді қайта қарауды талап етеді. Бұл үдерістер «Дүниежүзі тарихы» пәнін оқытуда ерекше өзектілікке ие, өйткені тарих пәні білім алушылардың дереккөздермен жұмыс істеу, фактілерді талдау, тарихи интерпретацияларды салыстыру және ғылыми негізделген ақпаратты дәйексіз мәліметтерден ажырата білу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Жаһандық цифрландыру жағдайында жасанды интеллект құралдарын педагогикалық тұрғыдан негізделген түрде қолдану оқушылардың сыни ойлауын, ақпараттық сауаттылығын және зерттеушілік құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты дүниежүзі тарихын оқытуда жасанды интеллект технологияларын кіріктіру білім беру мазмұнын жаңғыртудың маңызды әдіснамалық бағыты ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатында цифрлық мәдениетті дамыту және ЖИ қолдану білім беруді жаңғыртудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында баланың сапалы білім алу құқығы заманауи оқу ортасымен және құзыретті педагогтармен қамтамасыз етілуі тиіс екендігі атап өтілді. ЖИ саласындағы мамандарды даярлауға және білім беру бағдарламаларын жаңарту қажеттігіне ерекше назар аударылды [1]. Бұл бағыт 2025 жылы одан әрі дамыды: Digital Bridge 2025 халықаралық форумында Мемлекет басшысы: *«Жасанды интеллект – бұл енді ғылыми фантастика емес, бұл – келген шындық»* [2] деп атап көрсетті. Сондай-ақ, Президент ЖИ ұлттық экожүйесін құру және интеллектуалды экономика жағдайында жұмыс істей алатын кадрларды даярлау қажеттігін белгіледі.

Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі Кеңестің бірінші отырысында (2025 жылғы 1 қазан) ЖИ-ді табысты енгізу үшін нормативтік базаны жаңарту, орта білім беру мазмұнын жаңғырту және педагогтардың құзыреттіліктерін дамыту қажеттігі атап өтілді [3]. Бұл міндеттерді іске асыру Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі дамуының Ұлттық жоспары, «Сапалы білім «Білімді ұлт»» және «Жайлы мектеп» ұлттық жобалары, сондай-ақ 2023–2029 жылдарға арналған білім беруді дамыту тұжырымдамасы сияқты стратегиялық құжаттар аясында жүзеге асырылады. Бұл құжаттар мектеп пәндерінің мазмұнын жаңартуға, цифрлық инфрақұрылымды дамытуға, мектептерді жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етуге, педагогтардың медиасауаттылығын және цифрлық құзыреттіліктерін арттыруға бағытталған.

Халықаралық зерттеулер (UNESCO, OECD, Stanford History Education Group) қазіргі ақпараттық жағдайларда білім алушылардан медиасауаттылық талап етілетінін, ал ЖИ-ді қолдану талдау, интерпретациялау және ақпаратты сыни бағалау дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететінін растайды. Дүниежүзі тарихын оқытуда тарихи процестерді визуализациялау, оқиғаларды модельдеу,

оқу тапсырмаларын бейімдеу, жеке білім беру траекторияларын құру және білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуда ЖИ жаңа мүмкіндіктер ашады.

Алайда, ЖИ-ді білім беру процесінде пайдалану тек жаңа мүмкіндіктермен ғана емес, сонымен бірге заңнама талаптарын сақтау, дербес деректерді қорғау, дәйексіз контенттің таралуына жол бермеу және этикалық нормаларды сақтау қажет. Мұның бәрі педагогтан цифрлық құралдарды меңгерумен қатар, оларды қолданудың педагогикалық, құқықтық және әдістемелік негіздерін түсінуді талап етеді.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы орта білім беретін мектептердің дүниежүзі тарихы пәнінің мұғалімдеріне, әдіскерлеріне және басқарушы кадрларына жасанды интеллект технологияларын оқу процесіне тиімді интеграциялауға көмекші құрал ретінде әзірленді. Онда теориялық тәсілдер, нормативтік-құқықтық негіздер және практикалық құралдар (5–11 сыныптарға арналған тапсырмалар үлгілерін қоса), формативті және жиынтық бағалау бойынша ұсыныстар, ЖИ-ді қауіпсіз және этикалық пайдалану аспектілері, сондай-ақ ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және Үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келетін әдістемелік шешімдер ұсынылған.

Әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу барысы тәжірибеге бағытталған сипатта жүзеге асырылды. Құжатты дайындау жұмысына республиканың әр өңірінен зерттеуші-педагогтер, шебер-педагогтер және үздік педагогтер тартылып, олардың оқу процесінде сыннан өткен озық іс-тәжірибелері жүйеленді. Жұмыс тобының практикалық тәжірибесі негізінде әзірленген сабақ жоспарлары, тапсырмалар және промпт үлгілері әдістемелік ұсынымдардың тәжірибелік бөлімінде ұсынылды. Бұл тәсіл әдістемелік ұсынымдардың теориялық негізділігін тәжірибелік мазмұнмен ұштастырып, оны педагогтердің күнделікті қызметінде қолдануға бейімдеуге мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсынымдар педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға, тарихты сапалы оқыту үшін жағдай жасауға және білім алушыларда сыни ойлау, медиасауаттылық дағдыларын, сондай-ақ технологиялық тұрғыдан күрделі және динамикалық әлемде өмір сүруге дайындықты қалыптастыруға бағытталған.

1 «ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ» ОҚУ ПӘНІН ОҚУДА ЖӘНЕ ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Дүниежүзі тарихы пәні аясында білім алушыларға тек фактілерді жаттау емес, өркениеттерді салыстыру, тарихи себеп-салдарды анықтау, жаһандық өзгерістерді түсіну, тарихи деректерді талдау, интерпретациялау дағдыларын дамытуды көздейді. Осы дағдыларды білім алушыға меңгерту мұғалімнен тек пәндік білімді емес, сонымен қатар визуализация, моделдеу, зерттеу, цифрлық ортада тиімді коммуникация жүргізу қабілеттерін талап етеді. Осы орайда жасанды интеллект құралдары мұғалім жұмысының негізгі серіктесіне айналып отыр. Төменде дүниежүзі тарихы мұғаліміне ең тиімді 15 ЖИ құралының мақсаттары, қолдану тәсілдері және дұрыс вайб-кодингтері біртұтас әдістемелік мәтін түрінде ұсынылады.

Жи құралдарын пәндік процеске интеграциялаудың тізбекті әдістемесі

Дүниежүзі тарихының ежелгі Мысырдан бастап қазіргі жаһандану дәуіріне дейін білім алушыларға бейтаныс тарихи кезеңдерді қамтиды. Сондықтан педагог үшін ең басты әдістемелік мақсат тарихи материалды түсінікті, көрнекі, дәлелді және білім алушының жас ерекшелік деңгейіне бейімделген түрде ұсыну. Бұл міндеттерді орындауда ЖИ платформалары әр кезеңде түрлі функцияларды орындайды, мысалы біреуі визуал жасайды, екіншісі деректерді талдайды, үшіншісі мәтінді жеңілдетеді, төртіншісі тапсырмалар құрастырады т.б.

ЖИ-мен дұрыс жұмыс істеудің этикалық қағидаттары бар, оған нақты рөл беру, дұрыс тон қолдану, тапсырманың деңгейін белгілеу, мұның бәрі «вайб-кодинг» деп аталады.

1. Сабақ жоспарлау: aischoolgenius.com

Бұл құрал дүниежүзі тарихының кез келген тақырыбын деңгейлік Блум таксономиясы бойынша құрылымдап беруге мүмкіндік береді. Педагог уақыт тапшылығында немесе қайта-қайта жоспар жасаудың орнына, бірден үш деңгейлі (негізгі, орта, жоғары) тапсырмалар жинағын ала алады.

Қайта өрлеу дәуірі, Ұлы географиялық ашулар, Бірінші дүниежүзілік соғыс, Индустриялық төңкеріс сияқты тақырыптар аясында қолдануға болады. Промпт үлгісі: «Сен үздік, шебер педагог ретінде тарих пәні мұғалімісің. «Қайта өрлеу дәуірі мәдениеті» тақырыбын, білім алушының жас ерекшелігін ескере отырып, заманауи форматта өткізудің әдістемесін құрастыр. Оқу мақсаты: себеп-салдарды түсіндіру. 3 деңгейлі тапсырма қос».

2. Инфографика генерациясы: [Nar.kin.ai](https://nar.kin.ai) Дүниежүзі тарихында себеп-салдар, кезеңдер, карталық бағыттар мен тарихи тұлғалар арасындағы байланыстарды визуал түрде көрсету өте маңызды. [Nar.kin.ai](https://nar.kin.ai) мәтінді автоматты түрде инфографикаға айналдырады.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың себептері, Феодалдық қоғам құрылымы, Шаруашылық жүйелерді салыстыру, Ұлы Жібек жолының бағыттары. Промпт үлгісі: «Сен — тарихи процестерді визуалдауға маманданған

инфограф дизайнерісің. *«Екінші дүниежүзілік соғыстың негізгі кезеңдері»* инфографикасын жаса. 4 блок: басталуы, шешуші шайқастар, одақтар, салдары».

3. Тарихи карталар мен құрылымдар: heuristi.ca

Бұл платформа күрделі тарихи процестерді майнд-карта түрінде көрсетуге мүмкіндік береді. Қолданылатын тақырыптар, *Орта ғасырлық Еуропа, Ұлы географиялық ашулардың себептері, Индустриялық революция, Реформация және Контрреформация*. Промпт-вайб үлгісі: *«Сен — тарихи жүйелерді талдауда тәжірибелі аналитиксің. «Ұлы географиялық ашулардың себептері» тақырыбы бойынша майнд-карта жаса. Экономикалық, діни, саяси, технологиялық факторларды байланыстыр».*

4. Презентация, сабақ материалдары: [TeachMateAI](https://teachmate.ai)

Платформа мұғалімге презентация, жаңа идея, жұмыс парақтары, сабақ жоспары сияқты құралдардың бәрін бірден дайындап береді. *Ежелгі өркениеттерді салыстыру, Орта ғасыр қалалары, Реформация, Осман империясы* сияқты визуалды тақырыптарда. Промпт-вайб үлгісі: *«Сен — тәжірибелі тарих әдіскерісің. 10-сыныпқа «Қырғи-қабақ соғыс» тақырыбына 12 слайдтық презентация құрастыр. Түсіндірмелер қысқа болсын, карта, диаграмма және хронология енгіз».*

5. Ғылыми деректер: elicit.com

Elicit мұғалімге және білім алушыларға дүниежүзі тарихы бойынша нақты ғылыми зерттеулер, терминдер, салыстырмалы талдаулар табуға көмектеседі. Қолдану жағдайлары: Ғылыми жоба, эссе, зерттеу, тарихи дәлелді қажет ететін тапсырмалар. Мысалы: *«Жапонияның Мэйдзи реформалары», «Ұлы депрессия», «Африкадағы отарсыздану процесі»*. Промпт-вайб үлгісі: *«Сен — тарих саласындағы ғылыми зерттеулер бойынша ассистентсің. XX ғасырдағы отарсыздану туралы соңғы зерттеулерді қысқаша салыстырмалы шолу ретінде дайында».*

6. Әдемі презентациялар: [AutoSlide.ai](https://autoslide.ai)

Мәтінді 10–15 слайдтық презентацияға автоматты айналдырады. Ғылыми жоба қорғау, ашық сабақ, тарихи хронологияны бір слайдқа сыйғызу керек кезде қолдану тиімді. Промпт-вайб үлгісі: *«Сен — шығармашылық дизайн студиясының жетекшісісің. «Орта ғасыр Еуропасының саяси құрылымы» жөнінде 10 слайдтық презентация жаса. Тақырыпшалар мен қысқа тезистер қос».*

7. Сабақ жоспарлаудың интеллектуалды жүйесі: [HiLink.co](https://hilink.co)

Онлайн сабақ немесе аралас форматта өте тиімді.

Қашықтан оқу кезінде, тарихи деректермен жұмыс жасауда, білім алушының жеке оқу жолын құрастыруда қолдану тиімді. Промпт-вайб үлгісі: *«Сен — виртуалды тарих курсын жасайтын әдіскерсің. «Ежелгі Үнді өркениеті» бойынша 40 минуттық онлайн сабақ құрылымын жаса. 3 интерактив элемент қос».*

8. Факт-чек пен нақты ақпарат: [Perplexity.ai](https://perplexity.ai)

Бұл құрал кез келген тарихи мәліметті дереккөздерімен бірге дәлелдеп береді. Тиімді тақырыптар соғыстардың статистикасы, құрлықаралық байланыстар, экономикалық деректер, тарихи даталардың дәлдігі.

Промпт-вайб үлгісі: *«Сен — объективті дерекке сүйенетін тарих зерттеушісің. Бірінші дүниежүзілік соғыстағы өлім-жітім статистикасын дәл дереккөздермен көрсет».*

9. Мұғалімдерге арналған кешенді платформа: Fobizz.com

Fobizz мұғалімге тесттер, мәтін жеңілдету, аудио-мәтін, дайын тапсырмалар, ЖИ курстар ұсынады. Күрделі тарихи мәтіндерді жеңілдету, білім алушы деңгейіне бейімдеу мен аудио-нұсқа жасау ұсынылады. Промпт-вайб үлгісі: *«Сен — инклюзивті тарих пәні әдіскері. «Рим империясының құлауы» мәтінін орта деңгейдегі оқушыларға түсінікті тілге бейімдеп жаз».*

10. Интерактив модульдер: Nolej.io

Дүниежүзі тарихында интерактив ойындар мен тесттер білім алушыны тартудың ең жақсы тәсілі. Видео бойынша мини-курс жасау, Интерактивті карта, Drag-and-drop хронология жасау ұсынылады. Промпт-вайб үлгісі: *«Сен — геймификация маманысың. «Наполеон соғыстары» туралы 10 минуттық интерактив модуль жаса: 3 квиз, 1 ойын, 1 рефлексия».*

11. Визуал және видео: Krea.ai

Тарихи реконструкциялар жасауға тиімді ресурс. Ежелгі қалалардың көріністері, орта ғасырлық архитектура, географиялық карталар қолдануда ұсынылады. Промпт-вайб үлгісі: *«Сен — тарихи реконструкциялар жасайтын суретші мамансың. Қайта өрлеу дәуіріндегі Флоренция қаласының таңғы атмосферасын реалистік форматта жаса».*

12. Жеке тьютор: SchoolAI.com

Әр оқушыға жеке тарих тьюторын береді. Репетиторлық, сабақ материалын бөліп түсіндіру, деңгейлік дайындық барысында қолдану ұсынылады. Промпт-вайб үлгісі: *«Сен — оқушыға (сыныпты көрсету маңызды) арналған достық тьюторсың. Тақырып: «Орта ғасыр Шығыс мемлекеттері». Қарапайым тілмен түсіндіріп, соңында 3 сұрақ қой».*

13. Google Docs/Slides ішіндегі көмекші: BriskTeaching

Тесттер, эссе тексеру, кері байланыс береді. Тарихи эсселер, білім алушы жұмысына кері байланыс, Google Forms үшін тесттер әзірлеу барысында қолдану ұсынылады. Промпт-вайб үлгісі: *«Сен — тарих эсселерін бағалайтын сарапшысың. «Индустриялық революцияның салдары» атты оқушы эссесіне академиялық кері байланыс жаз».*

14. Қалыптастырушы бағалау: Socrative.com

Қысқа тесттер, SpaceRace, тікелей нәтижелер. Диагностика, рефлексия мен сабақ соңындағы exit-ticket барысында қолдану ұсынылады. Промпт-вайб үлгісі: *«Сен — форматив бағалаудың шебері. «Қырғи-қабақ соғыс» бойынша 10 сұрақтық тест жаса. Әр сұраққа түсіндірме қос».*

15. Оқушыларға мінездеме, есеп: ReportGenie.ai

Тоқсандық сипаттамаларға қолайлы. Пәндік сипаттама, жоба жұмысы туралы пікір, портфолио жазу. Промпт-вайб үлгісі: *«Сен — дүниежүзі тарихы*

мұғалімісің. «Орта ғасыр Еуропасы» жобасы бойынша 3 абзацтық жылы, бірақ ресми кері байланыс жазыңыз».

16. Сабақ жоспарын жасау - Claude.ai

Сабақ жоспарларын, презентация, тест сұрақтарын, эссе немесе жобалық тапсырмалар құрастыруға көмектеседі. Күрделі тақырыптарды қарапайым тілмен түсіндіре алады. Күнделікті құжаттар мен есептерді жазуға көмектеседі.

Қолдану: «Мартин Лютер Кингтің ұлы арманы» тақырыбына промпт үлгісі:

✓ *Кіріспеде – қызығушылықты ояту үшін бейнематериал немесе дәйексөз ұсын;*

✓ *Негізгі бөлімде – тарихи мәліметтер, ұғымдарды түсіндіретін, жұптық/топтық тапсырмалар құр;*

✓ *Қорытындыда – білім алушылардың рефлексиясы, жеке пікірін білдіру, бағалауға арналған тапсырма құрастыр;*

✓ *Сабақта қолдануға болатын интерактивті тапсырмалар, тарихи құжаттармен жұмыс, пікірталас сұрақтары және бағалау критерийлерін қоса бер;*

✓ *Уақытты тиімді бөліп, саралау жолдарын жаса, АКТ құралдарын қолдану ұсын.*

17. Презентациялар жасау - Slidesgo.com

Презентациялар жасауға арналған дайын шаблондар бар, әсіресе презентация, жоба қорғау, баяндама, конференция, семинарларға арналған кәсіби шаблондар көп. Көптеген шаблондар тарихи тақырыптарға (ежелгі өркениет, орта ғасыр, соғыс, карталар, тұлғалар) бейімделген.

Қолдану: «Араб шапқыншылықтары мен Крест жорықтары» тақырыбына арналған промпт үлгісі:

✓ *«Крест жорықтары» тақырыбында Google Slides немесе PowerPoint үшін заманауи, білім беруге бағытталған шаблон жаса.*

✓ *Презентация стилі: тарихи, хронологиялық, ортағасырлық карталар мен иллюстрациялар болсын.*

✓ *Слайдтар құрылымы: кіріспе, Араб шапқыншылықтарының тарихи контексті мен себептері, Крест жорықтарының шығу себептері, салыстырмалы талдау, қорытынды кесте және дәйекті тұжырымдардан тұрсын.*

✓ *Дизайнында ортағасырлық тарихи элементтер (карталар, сауыт-сайман, қамалдар, діни белгілер) болсын. Шаблондарда : оқу мақсаттары, кіріспе, тарихи негіз, Крест жорықтарының негізгі оқиғалары, маңызды тұлғалар (мысалы, Папа Урбан II, Арыстан жүректі Ричард, Салах ад-Дин), салдары және ойталқы сұрақтары болуы керек. Инфографика және хронологиялық кестелер қос.*

18. Мәтінді суретке/дизайнға түрлендіру - Canva.com

Мәтінді дизайн құруға арналған сайт. Тарихи карталар, тарихи тұлғалар, деректі фото, хронология кестесі сияқты дайын шаблондары бар.

Қолдану: «Еуропаның өзгеруіне Наполеон жорықтарының әсері» тақырыбына арналған промпт үлгісі:

✓ *«Наполеон Бонапарттың жорықтары» тақырыбында тарихи карта, хронологиялық кесте және негізгі оқиғаларды бейнелейтін инфографикасы бар презентация жаса.*

✓ *Классикалық тарихи стильде, тарихи сурет-картинкаларды қолданып, сол заманға қатысты элементтерді қос (әскери киімдері, карта, т.б).*

✓ *Презентацияны төмендегі бөлімдермен жаса: кіріспе, өмірбаяны, билікке келуі, негізгі жорықтары, Ресей жорығы, жеңілістері, Ватерлоо шайқасы, қорытынды.*

19. Викториналар жасау-wayground.com

Викториналар жасауға, тарихи оқиғаларға арналған видеолар жасауға ұсынылатын құрал. 3D модельдер мен хронологиялар енгізуге болады. Мысалы: Египет пирамидаларын болмаса балбал тастарды 3D модель арқылы дайын бейімдеуге болады.

Қолдану: «Мәдениеттер диалогі» тақырыбына промпт үлгісі:

– *Сабаққа уақыт шкаласы, мәдениетаралық алмасу картасы, мультимедиа материалдар (бейне, сурет, аудио) және оқушыларға арналған ойталқы тапсырмаларын қосып викторина немесе видео жаса.*

20. Сабаққа визуал дайындау - Ideogram.ai

Сабаққа визуал дайындау тарихи оқиғалар мен процестерге, тұлғаларға, мәдени ескерткіштерге қатысты иллюстрациялар, постерлер, инфографика жасауға көмектеседі. тарихты оқытуда визуализация мен дизайнды тиімді біріктіруге мүмкіндік беретін заманауи құрал.

Қолдану: «Еуразия картасының өзгеруіне Шыңғысхан жорықтарының ықпалы» тақырыбына промпт

– *Шыңғысхан жорықтарынан кейінгі Еуразия картасының өзгеруін бейнелейтін тарихи карта жасап бер.*

– *Шыңғысхан жаулап алған аймақтарды,*

– *Маңызды қалалар мен сауда жолдарын (Ұлы Жібек жолы),*

– *Оның қайтыс болғаннан кейінгі империяның бөлінуін көрсететін карта болуы қажет.*

21. Сабаққа оқиғалар жасап беру - Kidgeni.com

Тарихи тақырыптарды білім алушы деңгейіне сай жеңілдетіп, қысқа, нақты түрде жасайды, сұрақтар, кестелер, түсіндірмелерді генерациялайды, сабаққа оқиғалар жасап береді. “Егер Шыңғысхан қазіргі заманда өмір сүрсе не болар еді?” деген сияқты ойын элементтері бар тапсырмалар құрастыруға болады. Тарихи кейіпкерлерге сипаттама, қысқаша өмірбаян, хронология т.б. мазмұн шығарып береді.

Қолдану: «Еуропаның өзгеруіне Наполеон жорықтарының әсері» тақырыбына промпт үлгісі:

– *Еуропаның картасы мен саяси құрылымына Наполеон жорықтарының әсері туралы қарапайым түсініктеме жаса.*

– *Қысқаша хронология, 3 негізгі салдары және соңында 3 сұрақтан тұратын қызықты викторина қос.*

22. Презентациялар жасау-visme.co

Визуалды және интерактивті мазмұн дайындайды. Сабақ жоспарына сай, тарихи тақырыптарға кәсіби көрінетін презентациялар жасауға мүмкіндік береді. График, диаграмма, таймлайн, инфографика элементтері арқылы тарихи оқиғаларды көрнекі көрсетеді (соғыстар, реформалар, мемлекеттер картасы) қарапайым визуалды инфографикаға айналдыруға болады, білім алушыларға себеп-салдар байланыстарын түсіндіруге көмектеседі. Деректі оқиғаларды уақыт пен кеңістікке байланысты интерактивті көрсетуге болады.

«Қазіргі кездегі революциялар: себептері мен салдары»

Промпт үлгісі: *Қазіргі замандағы революциялардың (Араб көктемі, Украина Майданы, Судан төңкерісі) себептері мен салдарын түсіндіретін инфографика немесе презентация жаса. Оқиғалардың хронологиясын, негізгі тұлғаларды, саяси және әлеуметтік себептерді, нәтижелерін және әлемдік реакцияны қамтитын визуалды материал болсын. Карта, пиктограмма және қарапайым диаграммаларды қолдан.*

23. Мәтінді аудиоға түрлендіру - text-to-speech.online

✓ Тарихи құжаттар, деректер, үзінділерді білім алушыларға тыңдау;

✓ Тарихи тұлғалардың айтқан сөздерін, құжаттарды, хроникаларды дыбыстап контент жасау;

✓ Сабақта немесе жобада қолданатын бейне материалдарға мәтіннің дыбыстық нұсқасын қосу;.

Қолдану:

✓ *Алжир мұражайы туралы қысқаша тарихи мәтінді қазақ тілінде, анық және нақты диктор дауысымен дыбыстап бер. Дауыстың қарқыны баяу, білім алушыларға түсінікті болсын.*

✓ *Махатма Гандидің күш қолданбай қарсыласу күресінің маңызын қазақ тілінде қоңыр дауыспен оқып бер, дикциясы анық болсын;*

✓ *1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы туралы мәтінді орыс тілінде бейтарап дауыспен дыбыста;*

✓ *Крест жорықтарының себептері мен салдары туралы ағылшын тіліндегі тарихи мәтінді баяу қарқынмен оқып бер;*

Міндетті көрсету керек элементтер: Мәтінді нақты әрі қысқа беру (500-1000 сөзге дейін);

Дауыстың стилін (баяу, орташа, жылдам деп нақты) көрсету;

Тілді нақтылау;

24. Мәтінді видеоға айналдыру - genmo.ai

Жасанды интеллект көмегімен видео генерациялайды. Тарихи оқиғалар мен процестерді анимациялық видео немесе визуалды көрініс арқылы көрсету ұсынылады. Мысалы, «Шыңғыс ханның жорықтары» тақырыбына картамен бірге қозғалыстағы тарихи видеоны жасау.

Қолдану: «Ғұндардың жаулап алушылық жорықтары ежелгі заманнан ортағасырларға өтудің бір факторы ретінде» тақырыбына промпт үлгісі:

- 1–2 минуттық қысқа білім беру видеосын жаса.
- Онда Ғұндардың Азия мен Еуропаға жасаған жорықтарын, олардың Батыс Рим империясының құлауына әсерін және осы оқиғалардың ежелгі дәуірден орта ғасырларға өтуге қалай себеп болғанын көрсет.
- Анимациялық карта, тайпалардың қозғалысы, Аттила сынды тұлғалар мен шайқастар болсын. Тарихи визуал мен мазмұнды баяндаумен жасалсын.

25. Сабақ жоспарын жасау - magicschool.ai

«Экономикалық жүйелер» тақырыбына арналған промпт үлгісі:

- «Экономикалық жүйелер және олардың ерекшеліктері» тақырыбы бойынша сабақ жоспарын құр.
- Оқу мақсаттары: әртүрлі экономикалық жүйелердің (дәстүрлі, нарықтық, жоспарлы, аралас) сипаттамаларын салыстыру; олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау.
- Сабақ мақсаты SMART форматында болсын.
- Сабақ құрылымы: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды.
- Саралау, критериялды бағалау, белсенді әдіс-тәсілдер мен рефлексия түрлерін енгіз.
- Тарихи мысалдарды қолдана отырып, тапсырмалар құрастыр.

26. ЖИ арқылы визуал жасау - visualgpt.io

ЖИ арқылы тарих мұғалімінің сабаққа қажетті визуалды контентті жылдам әрі креативті түрде дайындауына мүмкіндік беретін пайдалы құрал. Соғыстардың барысы, революциялардың себеп-салдары, реформалар хронологиясы, тарихи оқиғаларды кезең-кезеңімен көрсетуге көмектеседі. «Еуропаның өзгеруіне Наполеон жорықтарының әсері» тақырыбына арналған промпт-үлгісі:

- 1804–1815 жылдар аралығындағы басты шайқастарды, Франция империясының кеңеюін және Еуропа шекараларының қайта құрылуын көрсететін инфографика жаса.
- Наполеон әрекеттерінің
- ұлттық қозғалыстардың күшеюіне және еуропалық монархиялардың қайта құрылуына қалай әсер еткенін ерекшелікпен көрсет.

27. Виртуалды аватар жасау - virbo.wondershare.com

Платформаны пайдаланып Нельсон Мандела, Ли Хуан Ю, Наполеон, Томас Джефферсон сияқты тарихи тұлғалар атынан сөйлейтін бейнеролик, сабаққа кіріспе немесе қорытынды видеосын жасауға болады.

Қолдану: «Мартин Лютер Кингтің Ұлы арманы» тақырыбына арналған промпт үлгісі:

- Мартин Лютер Кингтің дауысымен сөйлейтін жасанды интеллект аватары арқылы тарихи видео жаса.
- Оның 'Менің арманым бар' атты атақты сөзінен шабыт алып, нәсілдік кемсітушілікке қарсы күресті, азаматтық құқықтардың маңызын және бейбіт наразылықтың рөлін сипатта.

– 1960 жылдардағы азаматтық құқықтар қозғалысына сай фон қой. Сөйлеу мәнері – сабырлы және шабыттандыратын болсын.

28. ЖИ арқылы викторина жасау - typeform.com

Платформа арқылы ашық, жабық, таңдау, сәйкестік, шкала түріндегі сұрақтар қоюға болады, тарихи даталар, тұлғалар, оқиғалар бойынша білімді тексеруге ыңғайлы, сабақтан кейін кері байланыс алу, қызығушылық тудыратын тарихи тақырыптар туралы сауалнама жүргізуге де тиімді.

Қолдану: «Қай тарихи тұлғаны зерттегіңіз келеді?» деген сауал арқылы жоба тақырыбын нақтылап, ФДР туралы білгісі келсе, мына төмендегі промптты пайдалануға болады:

✓ «Франклин Делано Рузвельт: Ұлы депрессия мен Екінші дүниежүзілік соғыстағы көшбасшылық» тақырыбына арналған жоғары сынып оқушыларына интерактивті викторина құрастыр;

✓ Негізгі оқиғалар, «Жаңа бағыт» саясаты және көшбасшылық ерекшелігіне қатысты көп таңдаулы, дұрыс-бұрыс және қысқа жауапты сұрақтар қос;

✓ Форманы визуалды әрі оқушыға түсінікті етіп жас;

29. Тесттер мен викториналар жасау - studyfetch.com

Платформа кез келген тарихи мәтіннен (дерек, оқулық, мақала) автоматты түрде сұрақтар, викторина немесе конспект шығара алады. Мұғалім мәтінді жүктейді — Studyfetch соған сәйкес оқушыға түсінікті мазмұн, түйін және сұрақтар дайындайды. «Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты» тақырыбына дұрыс промпт: (Мәтін алдын ала жүктеледі) Тәуелсіздік кезіндегі саясаттың бағытын түсіндір; Мақсатын талда; Мәтіннен дәлелдер тап; Маңызды даталар мен тарихи тұлғаларға арналған карточкалар жаса;

Сонымен бірге платформа оқушылардың жауабын тексеріп, автоматты түрде кері байланыс бере алады (дұрыс жауапты жүйеге енгізу міндетті).

30. Leonardo.ai. Бұл платформа – сурет, иллюстрация, визуалды контент жасауға арналған жасанды интеллект құралы. Тарихи оқиғаларды, тұлғаларды, мәдениетті, соғыс көріністерін AI көмегімен визуалды түрде қайта жасауға болады.

Мысалы: Шыңғысхан жорығы, Наполеон әскері, ежелгі Мысыр, ортағасырлық қалалар сияқты көріністерді жасау немесе комикс жасауға да тиімді. Тарихты өнер, технологиямен ұштастыру үшін (мысалы, ежелгі артефакттардың 3D бейнесін жасау).

1. «Әлемнің ірі мұражайлары» тақырыбына арналған промпт үлгісі: Париждегі Лувр, Лондондағы Британ музейі, Санкт-Петербургтегі Эрмитаж, Нью-Йорктегі Метрополитен және Каирдегі Египет музейін көрсететін, адамзаттың тарихи зердесін бейнелейтін, шынайы әрі сапалы коллаж жаса.

2. Музей ғимараттарының классикалық архитектурасы, ішіндегі әйгілі жәдігерлер (Розетта тасы, Мона Лиза, мысырлық саркофагтар) көрініс тапсын.

3. Жарық жұмсақ болсын, көрініс таза әрі мәдени, әсерлі болсын.


Сабақтың құрылымы: сабақты құруға арналған ЖИ, ақпаратты іздеуге арналған ЖИ, сабақтың басына арналған бір ЖИ, сабақтың визуалына арналған бір ЖИ, тапсырмаларды құруға арналған ЖИ, қалыптастырушы бағалауға арналған ЖИ, сабақты бекітуге арналған ЖИ, рефлексия мен кері байланысқа арналған ЖИ.

2. «ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ» ОҚУ ПӘНІН ОҚУДА ЖӘНЕ ОҚЫТУДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР


Сабақ визуалын жақсарту үшін қолдануға болатын ЖИ: толық түсіндірме және алгоритмдар

Инфографика генерациясы: Napkin.ai (<https://www.napkin.ai/>) қаралған күні 15.12.25 ж.)


“Дүниежүзі тарихы” пәнінде себеп-салдар, кезеңдер, карталық бағыттар мен тарихи тұлғалар арасындағы байланыстарды визуал түрде көрсету өте маңызды. Napkin.ai мәтінді автоматты түрде инфографикаға айналдырады.




Бірінші қадам: Гугул платформасына «Напкин.ай» ЖИді жазасыз.



Екінші қадам «sign in\войти» батырмасын басып платформаға кіресіз.




Үшінші қадам тіркелу формасын таңдайсыз көп жағдайда «гугл» аккаунтпен тіркелу дұрыс.



Тіркелгеннен кейін бұл ЖИді пайдаланудағы мақсатыңызды сұрайды осы бөлімде «for school» батырмасын басу қажет. Одан кейін «next» батырмасын басып жас ерекшелігін таңдау қажет. Жас ерекшелігін таңдап болғаннан кейін лауазымдық қызметіңізді, бұл ЖИді қай бағытта қолданасыз (бірнеше нұсқаны таңдауға болады), бұл ЖИді туралы қайдан білдіңіз сұрақтары қойылады.


Қажетті барлық сауалдардан өткеннен кейін «done» батырмасын басасыз.



«done» батырмасы басылғаннан кейін «create my first Napkin» батырмасын басы.



Батырманы басқаннан кейін сізге екі таңдау беріледі «өзіңіз қоятын мәтін немесе ЖИден алатын мәтін»




ЖИдің мәтін таңдап беру батырмасын басқан болсаңыз. Онда бұл жерге сіз сабақ тақырыбын және сол тақырып бойынша оқу мақсатын жазу қажет. Мысал жағдайында ол (Бірінші дүниежүзілік соғыстың себептері қандай? тақырыбы., 8.3.2.1 - Бірінші дүниежүзілік соғыстың алғышарттары мен себептерін айқындау оқу мақсаты)

Сұранысты енгізгеннен кейін Napkin сізге бірнеше абзацтарға бөлінген мәтіндерді ұсынады. Сабақтың визуалын тегін және көбірек алу үшін сіз сол бірнеше абзацтарды біріктіру ұсынылады.

Мәтінді визуалды инфографика қалпында жасау үшін сізге сол жақ шетіндегі «көк найзағай» батырмасын басу қажет. Ақпарттар біріктірілді, көк найзағай батырмасы басылды енді сізге бұл ЖИ дайындаған визуалдың дизайның таңдау мүмкіндігін береді. Өзіңізге жайлы нұсқасын таңдай аласыз.





Визуал дайын болғаннан кейін сіз бұл визуалды өзгерте аласыз: ақпарат қосу, тағы бір бағытты қоса аласыз.


Ақпаратты толықтыруды қаласаңыз «А» батырмасын басу қажет, «найзағай» батырмасын басып қосымша элементтерді кітап, дәптер немесе басқа стикерлерді (өзіңізге қажетті). «қалам» батырмасын басу арқылы қосымша визуалды қосу мүмкіндігі бар. «картинка» батырмасын басу арқылы визуалға сурет қоя аласыз»

Визуалды жүктеп алу үшін сізге сол визуалдың үстіне бассаныз сізге тағы қосымша мүмкіндіктерді береді: солдан оңға қарай екінші батырмасы визуал көлемі, визуал түсі, үшінші батырма қолжетімсіз ол ақылы бөлімде қолжетімді болады, визуал қалпын өзгерту және соңғы батырма жүктеу батырмасы.

Жүктеу батырмасы басылғаннан кейін сізге бұл визуалды жүктеуге әр түрлі нұсқа беріледі: PNG картинка, SVG форматы, PDF форматы PPT презентация форматында. Өзіңізге ыңғайлы нұсқаны таңдайсыз. Ескерту: егер сіз бұл платформаны тегін және бұл платформа презентация форматында жүктеуге мүмкіндігін көбірек пайдалануды қаласаңыз онда беріген ақпараттарды жүйелеп орналастырыңыз. Себебі тегін нұсқада қолдануда PPT презентация форматында үш рет басып алуға болады. Ал PNG картинка, PDF форматында шексіз мүмкіндік береді.

Diffit.me сайты тарих пәні мұғалімдері үшін өте тиімді, себебі ол тапсырмаларды жас ерекшелігіне, оқушы деңгейіне және оқу мақсаттарына бейімдеп автоматты түрде ұсынады. Бір тарихи мәтін бойынша әртүрлі деңгейдегі (бастауыш, орта, жоғары) тапсырмалар жасайды. Кез келген тарихи тақырып немесе мәтін бойынша: көп таңдаулы сұрақтар, ашық сұрақтар, критериалды тапсырмалар, күсіндірме мәтіндер жасайды.

Diffit платформасын қолданып жасалған сабақ тапсырмаларының үлгісі




Бірінші қадам гугл хром арқылы осы платформаға кіреміз, өз аккаунтымызбен тіркелеміз. Осындай терезелер ашылады.

Екінші қадам: тілді таңдаймыз, сосын сыныпты таңдаймыз және мәтіннің түрін таңдаймыз


Үшінші қадам: көрсетілген ұяшықтың үстінде терезеде промпт жазатын ұяшық болады, сол жерге дұрыс промпт жазамыз

Мысалы мындай промпт жазылды : *Наполеонның Еуропаны жаулау жорықтарының себептері мен салдары*

Төртінші қадамда ресурсты генерациялауды басу керек, «дополнительные параметры» терезесінде параметрлерді қарап, қалауынша таңдауға болады.



Сұраныстың нәтижесінде алты түрлі ресурс пайда болады. 1. Оқу және қысқаша мазмұн



2. Сөздіктер немесе глоссарий - Наполеон жорықтарына қатысты




3. Көп таңдаулы сұрақтар – тест түрінде берілген




4. Ойлан, жұптас, бөліс ресурсы ашылады – тапсырмалар құрастырылады

Егер бұл сайттың жазылымы болған жағдайда төмендегі қосымша тапсырмалар да алуға болады



Бесінші қадам: ашылған ресурстарды көшіру үшін астына түсеміз, төменде көрсетілген жолмен ресурстарды көшіруге немесе басып шығаруға болады



Тапсырманың үстінгі жағына сурет қою үшін Gemini платформасын қолданып сурет құрастырамыз, соны көшіріп қоямыз

Суретті дұрыс құрастыру үшін дұрыс промпт жазамыз. Мысалы :

